



ОНЦУСТІК КОРЕЯ

ЖОСПАР

- Оңтүстік Корея Республикасының құрылуы
- Мемлекеттің саясаты
- Атқарушы билік
- Мемлекеттің экономикасы
- Сыртқы істер және сауда министрлігі
- Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасындағы қарымқатынас



КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

- Жапонияның екінші дүниедүзілік соғыста жеңілгендігін корей халқы қуанышты хабар ретінде қабылдады. Алайда "қырғи қабақ" соғыстың басталатын уақытында АҚШ әскері корей түбегінің оңтүстігіне орналасты, ал КСРО әскері солтүстік бөлігіне иелік етті.
- 1947 жылдың қарашасында БҰҰ Бас Ассамблеясы Кореяда БҰҰ Комиссиясының бақылауымен жалпы сайлау өткізу туралы қарар қабылдады.
- Кореядағы алғашқы сайлау 1948 жылы 10 мамыр күні 38-нші параллельден оңтүстікке қарай орналасқан елді мекендерде өтті. Бұл шекара елді екіге бөлді, яғни Оңтүстік және Солтүстік.



- Кореяның алғашқы Президенті Ли Сын Ман 1948 жылы сайланды.
- 1950 жылдың 25 маусымында Солтүстік Корея Оңтүстікке қарсы әскери шабуыл бастады. Бұл екі Корея арасындағы үш жылға созылған соғысқа себепші болды. 1953 жылдың шілдесіне екі ел арасында Соғысты тоқтату туралы келісімге қол қойылды.



- Оңтүстік Корея – Шығыс Азиядағы Корей түбегінде орналасқан мемлекет.
- Жер көлемі – 100,210 мың км². Бұл көрсеткіш бойынша әлемде 109 орында.
- Халқының саны – 50,61 млн.
- Мемлекеттік тілі – корей тілі. Корей тілінің “хангыль” әліппесі XV ғ. Сечжон патшаның ұсынысымен пайда болды.



- Тұрғындары негізінен корейлер, 30 мыңға жуық қытайлар, т.б. ұлт өкілдері тұрады. Олардың көпшілігі будда дінін, кейбір бөліктері конфуцийшілдік пен христиан дінін ұстанады.
- Астанасы – Сеул қаласы.
- Әкімшілік бөлінісі 9 провинциядан және тікелей орталыққа бағынатын 6 қаладан тұрады.
- Конституциясы бойынша елді президент басқарады.
- Заң шығарушы органы – Ұлттық жиналыс (299 депутаттан тұрады).
- Ұлттық мерекелері:
 1. 15 тамыз – Республика жарияланған күн.
 2. 3 қазан – мемлекеттің құрылған күні.
- Ұлттық ақшасы – уон.



Оңтүстік Корея

саясаты

Оңтүстік Кореяның - тұңғыш конституциясы 1948 ж. 17 шілде күні қабылданды. Конституция Прембуладан, 130 бап пен 6 толықтырудан тұрады, ал құрылымы 10 тарауға бөлінген.



- Оңтүстік Корея Республикасы егемен *демоктариялық мемлекет* болып саналады.
- Мемлекет басшысы президент *5 жылға* сайланады.
Конституция заңына байланысты президент екінші рет сайлауға түсе алмайды.



- Оңтүстік Кореяда қалыптасқан жүйе бойынша, президенттің атқаратын *5 функциясы* бар:



Ішкі және әлемдік саясат аренасында өз мемлекетінің атынан шығатын тұлға

Заңдарды әзірлейтін басты тұлға және атқарушы билік компонентінің басшысы болып табылады.

ҚР Қарулы Күштерінде – Жоғарғы Қолбасшы болып табылады, әскерді бақылауда ұстайды.

Мемлекетінің сыртқы саясаттының дамуын іске асыруды және бақылауды қамтиды.

Ұлттық жиналысқа заңдар жобасын енгізе отырып, ішкі саясатының бастамашысы болып табылады.





- Ұлттық жиналысқа тұрақты 17 комитет кіреді: ішкі және сыртқы саясаты, спорт, экономика, мәдениет, қауіпсіздік және т.б.
- Комитеттердің сандық құрамы Ұлттық жиналыс отырысында анықталады.



АТҚАРУШЫ БИЛІК

- Атқарушы биліктің басында – Корей Республикасының Президенті тұрады. Президент мерзімі 5 жылмен шектелген және екінші рет сайлануға болмайды. Президент өз қызметін атқара алмаған жағдайда Премьер-Министр барлық міндеттерді өзі атқарады.
- Қазіргі таңда Корей Республикасының Президенті –Пак Кын Хе. Ол 2013 жылы сайланды.



- Елдің Премьер-министрі Президентпен тағайындалады және Ұлттық Кеңес тарапынан бекітіледі. Атқарушы билікте Президенттің негізгі көмекшісі ретінде Премьер-Министр министрлердің қызметіне басшылық етеді және Президент басшылығының аясында Мемлекеттік саясатты үйлестіру басқармасы арқылы жүзеге асырады.
- Ұлттық Жиналыс төрт жылға сайланатын 299 депутаттан тұрады.
- Корей Республикасының Сот билігі - Жоғарғы Сот, аймақтың соттар, Патенттік Сот, Отбасы жөніндегі соттар, Әкімшілік соттар мен жергілікті соттардан тұрады.



ЭКОНОМИКАСЫ

- XX ғ. 60 жылдардан бастап Корея экономикасы жедел дамыды, 1996 ж. дамыған елдер деңгейіне жетті. Бұған үкіметтің өндірісті қолдауы, экспортты дамытуға бағытталған стратегия, ең соңғы технологияны қолдану, жоғары білімді мамандар мен сауатты жұмысшылар даярлау ықпал етті.
- Қазіргі таңда Корея Республикасы экономикалық көрсеткіші жағынан 13-ші орында.
- Негізінен сауда серіктестері: АҚШ, Жапония, Сауд Арабиясы, Австралия, Сингапур, Қытай және т. б.



СЫРТҚЫ ІСТЕР ЖӘНЕ САУДА МИНИСТРЛІГІ


- Оңтүстік Кореяның сыртқы істер және сауда министрлігі 1948 ж. 17 шілдеде құрылды. 1998 жылғы дейін СИМ деп аталды, өзінің қазіргі атауын 1998 жылы алды. Оңтүстік Корея 190-нан аса елдермен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан.



ҚАЗАҚСТАН МЕН ОҢТҮСТІК КОРЕЯ ҚАРЫМҚАТЫНАСЫ

- Қазақстанмен Корея арасында дипломатиялық байланыстар 1991 ж. 30 желтоқсанда орнады. 1993 ж. 30 шілдеде Алматыда Корей елшілігі, 1995 ж. мамырда Сеулде Қазақстан елшілігі ашылды. Екі ел арасындағы сауда-экон., мәдени байланыстар біршама жоғары деңгейде. Елдегі қаржы дағдарысына қарамастан Корея Қазақстанға инвестиция салушылардың көш бастаушыларының бірі.
- Қазақстанда 300-ге тарта бірлескен қазақ-корей кәсіпорындары жұмыс істейді. Қазақстанда 2011 жыл - Оңтүстік Корея жылы болып жарияланған.





**НАЗАР АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!**

